

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № а-4/172 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 сәуірде № 7787 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 25 шілдедегі № А-7/389 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 25.07.2025 № А-7/389 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" 2011 жылғы 11 қазандағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ақмола облысы әкімдігі қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

Е.Маржикпаев

Ақмола облысы әкімдігінің
2020 жылғы "2" сәуірдегі
№ а-4/172 қаулысына
1-қосымша

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы әкімдігінің 01.02.2021 № А-2/36 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Арнайы тұрақты үй-жайлардың атауы	Арнайы тұрақты үй-жайлардың мекенжайлары
---	-----------------------------------	--

Бурабай ауданы		
1.	"Мир книг" кітап дүкені	Щучинск қаласы, Әуезов көшесі, 44
1-1.	тұрақты үй-жай	Щучинск қаласы, Сарыжайлау көшесі, 8 "а"
Жақсы ауданы		
2.	"Жақсы" дүкені	Жақсы ауылы, Жақыпов көшесі, 86

Ақмола облысы әкімдігінің
2020 жылғы "2" сәуірдегі
№ а-4/172 қаулысына
2-қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1. "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту және ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын келісу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № А-1/668 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3632 болып тіркелген, 2013 жылғы 29 қаңтарда "Ақмолинская правда" және "Арқа ажары" газеттерінде жарияланған).

2. "Ақмола облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы № А-11/550 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3957 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 қаңтарда "Ақмолинская правда" және "Арқа ажары" газеттерінде жарияланған").

3. "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатырылуын бекіту туралы шешім беру және діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № А-1/668 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № А-7/303 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5450 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту және ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын

келісу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № А-1/668 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № А-13/560 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5649 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК